

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ
БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ АЛМАТЫ
ҚАЛАСЫНЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ-
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ
ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ САНИТАРНО-
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ
ГОРОДА АЛМАТЫ КОМИТЕТА
САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО
КОНТРОЛЯ МИНИСТЕРСТВА
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН»

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ
БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ҚАУЛЫСЫ

17.09.2021 ж

Алматы қаласы

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ
ГОРОДА АЛМАТЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 29

город Алматы

Карантиндік шектеулер туралы

Алматы қаласындағы эпидемиологиялық жағдайды одан әрі тұрақтандыруды қамтамасыз ету мақсатында, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің 38 және 104-баптарына, «Ashyq» жобасын енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 26 тамыздағы № 37 және «Карантиндік шектеу шаралары және оларды кезең-кезеңімен жеңілдету туралы» Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 10 қыркүйектегі № 42 қаулысына сәйкес, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Аудан әкімдері, мемлекеттік органдар, Алматы қаласы бойынша «Атамекен» ӨКП (келісім бойынша), құқық корғау және арнайы органдар, ұйымдар басшылары құзыретіне сәйкес шаралар қабылдасын және қамтамасыз етсін:

1) «Ashyq» жобасын енгізу туралы Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 26 тамыздағы № 37 қаулысының (бұдан әрі - № 37 Қаулы) 4 – тармағының 1) - 11), 15) және 18)

тармақшаларын және «Шектеу карантиндік шаралары және оларды кезең-кезеңімен жеңілдету туралы» Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 10 қыркүйектегі № 42 қаулысының 2 және 3-тармақтарын орындалуын;

2) қызыл аймақ режиміндегі объектілер жұмысы бойынша:

Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес «Ashyq» жобасына қатысатын әлеуметтік-экономикалық объектілердің қызметін жұмыс режимімен (уақытымен) шектеу критерийлерін бекіту туралы:

демалыс күндері барлық «Ashyq» объектілері үшін – сағат 00.00 дейін, «Ashyq» көшбасшылары үшін - сағат 02.00 дейін, қызметкерлер мен келушілерде «жасыл мәртебе»¹ болған жағдайда (вакцинациялау, теріс нәтижесі бар тест ПТР сынамаларды іріктеу сәтінен бастап 7 тәуліктен аспайды, тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдері бар адамдар, соңғы 3 ай ішінде ауырып жазылған адамдар);

жұмыс күндері «Ashyq» барлық объектілері үшін - 00.00 сағатқа дейін, «Ashyq» көшбасшылары үшін - 02.00 сағатқа дейін;

Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес «Ashyq» жобасының қатысушылары болып табылмайтын әлеуметтік-экономикалық объектілердің жұмысын шектеу өлшемшарттарының негізінде айқындалады;

3) Қазақстан Республикасының аумағында коронавирустық инфекцияның пайда болуы мен таралуына жол бермеу жөніндегі ВАК-тың 2020 жылғы 7 желтоқсандағы хаттамасымен (2021 жылғы 7 қыркүйектегі өзгерістермен) бекітілген тәртіпке сәйкес вакцинациялауды тексеру бойынша рейдтер жүргізу.

2. «Атамекен» ӨКП (келісім бойынша) «Ashyq» жобасына қатысушылар арасында бұзушылықтардың алдын алу жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз етсін.

3. «Ashyq» жобасының қатысушылары № 37 Қаулының 7-тармағының сақталуын қамтамасыз етсін.

4. № 37 Қаулыдағы «Ashyq көшбасшылары» мәртебесін беру алгоритмінің 1) және 4) тармақтарына сәйкес «Ashyq» көшбасшыларына мынадай жеңілдіктер беріледі:

1) «қызыл» аймақта «сары» аймақтың шарттары бойынша жұмыс істейді;

2) соңғы 3 ай ішінде тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдері бар адамдарды, ауырып жазылған адамдарды қоспағанда, қызметкерлердің

¹ «Жасыл мәртебенің» болуына қойылатын талаптар облысаралық және облысшілік тұрақты тасымалдарға, қонақ үйлерге, қонақ үйлерге, әуежайларға, Теміржол вокзалдарына, білім беру объектілеріне, ЖОО-ларға, колледждерге, интернаттарға және білім беру ұйымдарының жатақханаларына қолданылмайды.

(персоналдың) кемінде 90% - ын бірінші компонентпен вакцинациялау кезінде объектінің толтырылуы 20% - ға артады.

5. Алматы қаласы автопарктерінің басшылары мына шараларды қабылдасын және қамтамасыз етсін:

1) қоғамдық көлікте карантиндік шектеу талаптарын сақтауды ұйымдастыру, үйлестіру және ішкі бақылау үшін автопарктің жауапты тұлғасын бұйрықтармен бекіту;

2) автопаркінің әрбір жүргізушісіне қоғамдық көлік салонында маска режимін сақтау бойынша ішкі бақылауды бұйрықтармен бекіту;

3) маска режимін сақтау туралы белгілеулерді тұрақты негізде жаңарту және қоғамдық көлікте санитайзерлерді жеткілікті мөлшерде орналастыру;

4) қоғамдық көлік салонын (есік тұтқалары, креслолар, тұтқалар және т. б.) тұрақ орындарында тазалауды және дезинфекциялауды жүргізу;

5) қоғамдық көлік салонында тұрақты дыбыстық құлақтандыруды, оның ішінде жүргізушінің келесілерді ескертуге және ұйымдастыруды қамтамасыз етуге міндетті:

- маскасыз жолаушыларға қоғамдық көлікке кіруге тыйым салу туралы; маскаларды міндетті және дұрыс кию туралы;

- маска режимін сақтамағаны үшін 30 АЕК мөлшерінде айыппұл салу туралы;

- жолаушылардың бетперде режимін сақтауы және әкімшілік жауапкершілігі бойынша мониторингтік топтардың тұрақты жүргізетін рейдтері туралы.

6. Конференциялар, форумдар, ойын-сауық, салтанатты, еске алу, отбасылық, оның ішінде үйдегі іс-шаралар (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар) және адамдар көп жиналатын өзге де іс-шаралар өткізуге тыйым салынады .

7. «Коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу жөніндегі одан әрі шаралар туралы» Алматы қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйектегі № 28 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

8. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

9. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Алматы қаласы
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері**



Ж. Бекшин

Алматы қаласының
Бас мемлекеттік санитариялық
дәрігерінің 2021 жылғы
17 қыркүйектегі № 29 қаулысына
1 қосымша

Қазақстан Республикасының
Бас мемлекеттік санитариялық
дәрігерінің 2021 жылғы
«26» тамыздағы
№ 37 қаулысының
4-қосымшасынан үзінді

**«Ashyq» жобасына қатысатын әлеуметтік-экономикалық объектілердің
қызметін шектеу өлшемшарттары**

№	Объектілер/салалар ****	Жасыл аймақ
1	2	3
1.	Мейрамхана, дәмхана және кофехана типі бойынша қоғамдық тамақтану объектілері (үй-жайда)*	✓ толтырылуы 50%-ға дейін, бірақ 70 орыннан асырмай
	Алкогольдік ішімдіктерді сатпайтын асханалар типіндегі қоғамдық тамақтану объектілері (үй-жайда)	+ тәулік бойы
	Жазғы алаңдар	+
	Фуд-корттар	✓ толтырылуы 30%-ға дейін, бірақ 50 орыннан асырмай
	Банкет залдары** (ас беруді өткізу үшін)	✓ бір адамға кемінде 4 ш. м., 50%-дан асырмай толтырылған кезде
	Банкет залдары**	✓

№	Объектілер/салалар ****	Жасыл аймақ
1	2	3
	(мейрамханалар және дәмхана типі бойынша келушілерге қызмет көрсету)	толтырылуы 50%-ға дейін, бірақ 70 орыннан асырмай сағат 7.00-ден 02.00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат
2.	Сауналар, моншалар	+
3.	СПА-орталықтар	+
4.	Бассейндер	+
5.	Спорт кешендері, спорттық-сауықтыру орталықтары және фитнес-орталықтар, йога-орталықтарды қоса алғанда	+
6.	Мәдениет объектілері (дайындық)	✓ 100адамғадейін, сондай-ақекікомпонентпенвакцинацияланғанадамдар
7.	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, филармониялар *	✓ 50%-дан асырмайтолтыру
8.	Облысаралық тұрақты емес (туристік) тасымалдар	+
9.	Облысаралық және облысышілік тұрақты тасымалдар	+
10.	Қалалық тұрақты емес (туристік) тасымалдар	+
11.	Бильярд	✓ 50%-дан асырмай толтыру
12.	Компьютерлік клубтар, PlayStation клубтарын қоса алғанда	✓ 60%-дан асырмай толтыру
13.	Боулинг	✓ 50%-дан асырмай толтыру
14.	Караоке	✓

№	Объектілер/салалар ****	Жасыл аймақ
1	2	3
		50%-дан асырмай, бірақ 60 адамнан асырма й толтырған кезде
15.	Океанариум	✓ Топтық экскурсияларға ұқсат беру (15 адамнан артық емес)
16.	Көрмелер	✓ бір адамға 6 ш. м. кем емес, бірақ бір уақытта 250 келушіден аспайтын алаңмен қамтамасыз етілген, 70%-дан асырмай толтырылған кезде
17.	Марафондар (ашық ауада)	✓ 100 адамнан артық емес
18.	Көрсермендермен спорттық іс-шаралар	✓ 50%-дан артық емес толтырылған кезде
19.	Ерікті қатысушылар (киноиндустрия, ұйымдар, кеңселер және басқалар)	жеңілдіксіз
20.	Лотерея клубтар және лотерея сататын өзге де орындары	✓ бір адамға кемінде 4 ш.м., бірақ 60 адамнан асырмай алаң қамтамасыз ету кезінде
21.	Алаңы 500 ш.м-ден 1000 ш.м-ге дейін болатын балалардың (жабық) ойын-сауық орталықтары	✓ бір адамға кемінде 10 ш.м., бірақ 70 адамнан асырмай алаң қамтамасыз ету кезінде
	Алаңы 1000 ш.м-ден 3000 ш.м-ге дейін болатын балалардың (жабық) ойын-сауық	✓ бір адамға кемінде 10

№	Объектілер/салалар ****	Жасыл аймақ
1	2	3
	орталықтары	ш.м.,бірақ 120 адамнан асырмай алаң қамтамасыз ету кезінде
22.	Цирктер	✓ 50%-дан артық емес толтырылған кезде
23.	Отельдер, қонақ үйлер	+
24.	Әуежайлар	+
25.	Теміржол вокзалдары	+
26.	ХҚО	+
27.	Сауда-ойын-сауық орталықтары, сауда үйлері, сауда желілері	+
28.	Базарлар	+
29.	(12 жасқа дейінгі балаларды ерікті түрде тіркей отырып) балалар сауықтыру ұйымдары	+
30.	Букмекерлік конторалар	✓ бір адамға кемінде 4ш.м.,бірақ 60 адамнан асырмай алаң қамтамасыз ету кезінде
31.	Сұлулық орталықтары мен салондары, шаштараздар, маникюр мен педикюр қызметтерін көрсету, косметикалық және косметологиялық қызметтер көрсету салондары (жазылу бойынша)	+
32.	Жоғары оқу орындарын, колледждерді және білім беру орталықтарын қоса алғанда, білім беру объектілері (қызметкерлер (персонал), 18 жастан асқан адамдар үшін)	+
33.	Спорт кешендері, спорттық-сауықтыру орталықтары	✓ 70 адамға дейін, сондай-ақ екі

№	Объектілер/салалар ****	Жасыл аймақ
1	2	3
		компонентпен вакцинацияланған

«+» - қызметіне рұқсат етілген;

«✓» - қызметіне ішінара рұқсат етілген (шектеулермен);

«-» - қызметіне тыйым салынған;

* - толтыруға қойылатын талаптар ҚР БМСД-ның 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 67 қаулысымен бекітілген объектілерге қойылатын талаптарда айқындалған.

** - банкет залдары ас беруді өткізу үшін және мейрамханалар, дәмхана типі бойынша келушілерге қызмет көрсету үшін жұмыс істейді.

*** - «қоңыр-қызыл» аймақ - тәуекел деңгейі өте жоғары аймақ (инфекциялық төсек-орындармен толтырылу көрсеткіші 70% - дан жоғары және 100 мың тұрғынға шаққанда 200-ден астам төсек-орынмен толтырылу көрсеткіші кезінде);

**** – тұрғын үй ғимараттарының үй-жайларында және тұрғын үй құрылысы аумақтарында шу көтерілетін объектілердің қызметі сағат 22-ден таңғы 9-ға дейін, ойын-сауық мекемелерінде-жұмыс күндері сағат 22-ден таңғы 9-ға дейін, демалыс және мереке күндері сағат 23-тен таңғы 10-ға дейін шектеледі («Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Кодексінің 113-бабының 7 және 8-тармақтарына сәйкес);

***** - облыстық және республикалық маңызы бар қалаларда сағат 9-00-ден 20.00-ге дейін жұмыс режимімен ХҚКО-ның кезекші бөлімшелерін ұйымдастыруға жол беріледі.

Алматы қаласының
Бас мемлекеттік санитариялық
дәрігерінің 2021 жылғы
17 қыркүйектегі № 29 қаулысына
2 қосымша

Қазақстан Республикасының
Бас мемлекеттік санитариялық
дәрігерінің 2021 жылғы
10 қыркүйектегі № 42
қаулысының
4-қосымшасынан үзінді

**Әлеуметтік-экономикалық объектілердің жұмысын шектеу
өлшемшарттары**

№	Объектілер/салалар	Қызыл аймақ
1	2	3
1.	Өнеркәсіп	+
2.	Құрылыс (тұрмыстық үй-жайларда байланыс болмаған жағдайда)	+
3.	Ауыл және балық шаруашылығы, мал шаруашылығы	+
4.	Байланыссыз қызметтер (автожуу, автомобильдерді, тұрмыстық техниканы, сағаттарды, телефондарды, компьютерлерді, аяқ киімді жөндеу, тігін ательесі, кір жуу, химиялық тазалау, кілттерді жасау, тұрмыстық үй қағидаты бойынша көрсетілетін қызметтер және т. б.).	+
5.	Туристік компаниялар, бизнес орталықтары (сақтандыру компаниялары,	+

	адвокат, нотариус, бухгалтер және консалтинг көрсетілетін қызметтері, жылжымайтын мүлік жөніндегі агенттіктер, жарнама агенттіктері, сот орындаушылары, айырбастау пункттері, ломбардтар және т. б.)	
6.	Гүл дүкендері, фотосалондар	+
7.	Медициналық ұйымдар, дәріханалар	+
8.	Музейлер, кітапханалар	+
9.	Балалардың түзету кабинеттері, балалар мен ересектердің білім беру орталықтары	✓ топты 15 адамнан артық толтырмаған кезде, алдын ала жазылу бойынша
10.	Сұлулық орталықтары мен салондары, шаштараздар, маникюр мен педикюр қызметтері, косметологиялық қызмет көрсететін орындар (жазылу бойынша)	✓ алдын ала жазылу бойынша
11.	Азық-түлік дүкендері, шағын маркеттер	+
12.	Супермаркеттер, гипермаркеттер	+
13.	Азық-түлік емес дүкендер (жеке тұрған)	✓ Алаңы 2000 ш.м дейін
14.	Ашық базарлар (азық-түлік, азық-түлік емес)	+
15.	Жабық базарлар (азық-түлік, азық-түлік емес)	✓ (сенбі, жексенбіден басқа)
16.	Халықтың тұруы бойынша қызметтер көрсету саласындағы ұйымдар (қонақүйлер, отельдер, санаторий-курорттық ұйымдар, демалыс үйлері/базалары, туристік базалар және т. б.).	✓ 80%-дан асырмай толтырғанда
17.	Медициналық орталықтар, кабинеттер, стоматология	✓ алдын ала жазылу

		бойынша
18.	Қоғамдық көлік	✓ (қарбалас уақытта автобустар санын көбейту, барлық есіктерді ашу, отыратын орындар саны бойынша толтыру)
19.	Банктер, ХҚКО, «Қазпочта» АҚ бөлімшелері	+
20.	Мектепке дейінгі мекемелер	+
21.	Ұйымдар, кеңселер *(ескертуді қараңыз)	✓ 80 %- қашықтықтан, 20%- күндізгі режим
22.	Діни объектілер	✓ Жабық үй-жайларда ұжымдық іс-шараларды өткізбей
23.	Мейрамхана, дәмхана және кофехана типі бойынша қоғамдық тамақтану объектілері (үй-жайда)***	✓ толтырылуы 50%-ға дейін, бірақ 30 орыннан асырмай сағат 9-дан 20-ға дейін жұмыс істеуге рұқсат
24.	Жазғы алаңдар***	✓ 9-дан 20-ға дейін жұмыс істеуге рұқсат
25.	Асханалар типі бойынша қоғамдық тамақтану объектілері***	24.00-ге дейін
26.	Стрит-фуд (жеке тұрған шатыр/ларек/отыратын орны жоқ	+

	дүңгіршек)	
27.	Моншалар	+
28.	Сауналар	✓ (сенбі, жексенбіден басқа)
29.	СПА-орталықтар, бассейндер	✓ (сенбі, жексенбіден басқа)
30.	Қала маңындағы жолаушылар поездарының (электричкалар) қозғалысы	✓ ортақ вагондарсыз
31.	Жолаушылар поездарының қозғалысы	✓ ортақ вагондарсыз
32.	Қалааралық/облысаралық тұрақты автобустардың (шағын автобустардың) қозғалысы	—
33.	Спорт кешендері, йога-орталықтарды қоса алғанда спорттық-сауықтыру орталықтары және фитнес-орталықтар,	✓ (сенбі, жексенбіден басқа)
34.	СОО, сауда үйлері	✓ (сенбі, жексенбіден басқа)
35.	Мәдениет объектілері (дайындық)	—
36.	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, филармониялар	—
37.	Облысаралық тұрақты емес (туристік) тасымалдар	—
38.	Қалалық тұрақты емес (туристік) тасымалдар	—
39.	Бильярд	—
40.	Компьютер клубтары	—
41.	Боулинг	—
42.	Цирктер	—
43.	Балалардың ойын-сауық орталықтары (ойын алаңдары, жабық үй-жайлардағы	—

	аттракциондар)	
44.	Ашық ауадағы аттракциондар	+
45.	Балаларды сауықтыру ұйымдары	✓ толтырылуы 30%-дан артық емес
46.	Көрермендермен спорттық іс-шараларды өткізу	—
47.	Ас беру	—
48.	Банкет залдары** (ескертуді қараңыз),***	—
49.	Түнгі және ойын клубтары	—
50.	Караоке	—
51.	Океанариум	—
52.	Конференциялар, форумдар, ойын-сауық, салтанатты, еске алу, отбасылық, оның ішінде үйдегі іс-шаралар (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар) және адамдар көп жиналатын өзге де іс-шаралар	—
53.	Көрмелер	—
54.	Лотерея клубтары, букмекерлік конторалар	—
55.	Мерекелік корпоративтер	—

«+» - қызметке рұқсат етілген;

«✓» - қызметке ішінара (шектеулермен) рұқсат етілген;

«-» - қызметке тыйым салынған.

* - Ұйымдар, кеңселер қызметкерлерге COVID-19-ға қарсы вакцинациялау жүргізілген жағдайда қызметін қашықтықтан және күндізгі жұмыс форматында жұмыс істейтін қызметкерлердің пайыздық арақатынасы жөніндегі талаптарды ескермей жүзеге асырады. Бұл ретте COVID-19-ға қарсы вакцинациялаудың толық курсы алған және соңғы 3 ай ішінде COVID-19-бен ауырып жазылған барлық қызметкерлердің күндізгі режимде жұмыс істеуіне жол беріледі.

** - банкет залдары мейрамханалар, дәмханалар типі бойынша ас беру және келушілерге қызмет көрсету үшін жұмыс істейді.

*** - тұрғын үй ғимараттарының үй-жайларында және тұрғын үй құрылысы аумақтарында шу көтерілетін объектілердің қызметі сағат 22-ден таңғы 9-ға дейін, ойын-сауық мекемелерінде - жұмыс күндері сағат 22-

ден таңғы 9-ға дейін, демалыс және мереке күндері сағат 23-тен таңғы 10-ға дейін шектеледі ("Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің 113-бабының 7 және 8-тармақтарына сәйкес);